



Ы. Алтынсарин атындағы облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы
Ақпаратты-библиографиялық бөлім

«Біздің заманымыздың жазушылары»

сериясы



Мұрат Әуезов

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Қостанай, 2013

Оқырманға

«Біздің заманымыздың жазушылары» атты библиографиялық көрсеткіш сериясына тағы бір көрсеткіш ұсынып отырмыз.

Ойшыл әрі қоғам қайраткері, мәдениеттанушы-ғалым **Мұрат Әуезовтың** 70 жылдығына арнап осы библиографиялық көрсеткіш құрастырылды.

Облыстағы **Ы. Алтынсарин** атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасында өтетін әдебиеттік шолулар, естелік кеіштер және кітап көрмелері арқылы **М. Әуезовтың** өмір жолы мен қызметі туралы таныс бола аласыздар.

Біздің көрсеткіштің мақсаты – кітап қорындағы материалдарды жинап, белгілі деген қазіргі заманның жазушыларының өмірі мен шығармашылығын оқырмандарға қазақ және орыс тілдерінде таныстыру.

Көрсеткіште **Ы. Алтынсарин** атындағы **ОБЖК** кітап қоры пайдаланылды.

Құрамында көлемді биографиялық материал, автордың шығармалары, өмірі мен шығармашылығы беріледі.

Мазмұны

Әуезов Мұрат өмірбаяны мен шығармашылығы.....	3-7 б.
Мұрат Әуезовпен сұхбат.....	9-12 б.
Көрсеткішке кірген басылымдар тізімі.....	13 б.

Мұрат ӘУЕЗОВтың өмірбаяны

1943 жылы 1 қаңтарда Жамбыл облысының Меркі аулында туған, мәдениеттанушы, әдебиет зерттеушісі, қоғам қайраткері. 1965 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің жанындағы Шығыс тілдері институтын қытай филологиясы мамандығы бойынша бітіреді. 1965-66 ж. КСРО Ғылымның Азия және Африка институтында ғылыми қызметкер.

М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының аспирантурасын 1969 жылы "Проблемы национального своеобразия современной казахской литературы" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаумен аяқтайды.

1969-77 ж. Қазақстан Ғылыми Академиясының Философия және құқық институтының кіші, кейін аға ғылыми қызметкері, 1977-80 ж. Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1980-82 ж. Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының бөлім меңгерушісі, Бірқыдыру уақыт Қазақ КСР Ғылыми академиясының Философия және право институтында, республикалық Тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамында жұмыс істеді. Ш.Айманов атындағы "Қазақфильм" киностудиясының Бас редакторы болды, 1988-90 ж. Халықаралық "Невада-Семей" қозғалысының вице-президенті қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы елшісі, Халықаралық "Сорос" қоры қазақ бөлімшесінің төрағасы болды. Қазір Ұлттық кітапхананың директоры.

Мұрат Әуезовтың Шығармалары:

"Дни своей долгой-долгой жизни" деген мақаласы "Дружба народов" журналының (№ 8, 1968) сыйлығын алған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

"Үлкен жол" (Н.Бабошинмен бірге, 1978), "Гүл іспеттес жол" (1990), т.б. деректі фильмдердің, "Времен связующая нить" (1972), "Иппокрена. Хождение к колодцам времен" (1997) кітаптарының авторы.

Бүтіннің сыры бөлшектен

Мұрат Әуезов есімі орталық журналдарға ара-тұра жазған мақалалары арқылы 60-жылдардың екінші жартысында таныла

бастаған еді. Мұрат өз жазғанымен қысқа уақыт аралығында әдеби-мәдени жұртшылықтың назарын өзіне аударған болатын. М.Әуезов сын мақалаларының ерек-шелігі автордың терең эрудициясынан, яғни шығарманы талдаудағы өзіндік позициясынан, нақтылы пікір айтып, тиянақты тұжырым-қорытынды жасаудағы байыптылығынан, әдеби фактілерді ғылыми тұрғыда салыстыра зерттеушілігінен, белгілі бір туынды жайында ертелі-кеш айтылған пікірлерге тоқтала келіп өз көзқарасын білдіріп отыруынан анық байқалған еді. Қысқасы, М.Әуезов сын-дарында оның интеллектуалдық болмыс-бітімі айқын көрініп жатады. Міне, осы аталған жайттар М.Әуезовтің «Уақыттар арасындағы дәнекер» атты тұңғыш сын кітабынан да мол табылды.

Бұл кітап соңғы жылдары орыс тілінде жарық көрген сын мен зерттеулердің арасында өз дәрежесіне лайық эстетикалық-теориялық салмақтылығымен көзге түсетін де, оқу үстінде көңіл толтыратын да жақсы еңбектің бірі. Мұнда туған әдебиетіміздегі поэзиялық және прозалық елеулі шығармалардың бірсыпырасы талдана отырып, олар туралы тың ой түйіндеулер жасалған. Сондықтан да бұл сықылды танымдық мәні бар сауатты жазылған еңбектер Одақ оқушыларына бүгінгі қазақ әдебиетіндегі көркемдік процестің жай-жапсары жайында едәуір жаңа мәліметтер беретіндігіне күмәндана алмаймыз. Сондай-ақ қазіргі таңдағы қазақ сынының алдында тұрған басты міндеттердің бірі — төл әдебиетіміздегі ерекше жаңалықтарды, жаңа туындыларды Одақтық оқушыға насихаттау, таныстыру қажеттілігін ескерсек бұл кітаптың осы бағытта өзіне тиетін қомақты үлесі бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Осы жерде қадап айтатын тағы бір нәрсе, қазақ әдебиет тануы мен сынында ана тілімен қатар орыс тілінде жазатын М.Қа-ратаев, З. Ахметов, Ш. Елеуқенов, Ж. Ысмағұлов, Х. Әдібаев, Е. Ғабдиридовтардан басқа авторлардың жоқ екенін ойға ал-сақ, Мұрат Әуезов сықылды білімді, қабілетті жігіттердің сынға араласуын, осы саладағы көрнекті дүние ұсынуын қуана құптамасқа болмайды. Сонымен қатар Мұрат сын-ға әлі де болса белсенділікпен, оперативті түрде қатысса деген тілектер арта түспесе кемімес еді.

Кітапта сөз болатын негізгі мәселенің бірі — ұлттар әдебиеттерінің бір-біріне тигізетін творчестволық ықпалы мен әсері, олардың өзара рухани қарым-қатынасының тарихи даму сипаты мен уақыттың жаңаруына байланыс-ты өзгешелік проблемасы. Автор ұлт әдебиеттерінің томаға-тұйық, жағдайда дамуы мүмкін емес екендігін, ал олар-дың өзара бір-бірінен өнеге алмасу процесін тек

еліктеушілікпен, эпигоншылдықпен шатастыруға болмай-тындығын ғылыми негізде орынды дәлелдеп шыққан. Ұлы орыс әдебиетінің басқалармен қатар қазақ әдебиетінің дамуына елеулі ықпал жасағанын айта келіп, өз кезінде орыс әдебиетінің өркендеуіне батыс әдебиеттерінің тегеурінді әсер тигізетіндігін зерттеуші дұрыс көрсеткен. Белгілі бір кезеңде үлкен әдебиеттің жаңа-жаңа қалыптаса бастаған әдебиеттерге прогрессивтік әсер етуі, оны байы-туы, сөйтіп тамырын тереңге салуға жағдай туғызуы твор-честволық заңды құбылыс деген пікір түйеді. Көрнекті қазақ жазушыларының көбісі-ақ классикалық орыс әдебиетінің идеялық-көркемдік дәстүрінен үлгі ала отырып, суреткерлік шеберліктерін шыңдағаны, осының нәтижесінде ұлттық әдебиетіміздің дамуында даңғыл жол ашылғандығын сыншы баса айтады. Көркемдік әдістегі жетістіктерден үйрене отырып, жазушыларымыздың үлгілік образдар жасауда жаңа табыстарға жетуі, әдебиеттің ұлттық өзгешелігін, халықтың қасиетін жаңа биіктерге қалай көтергендігі де әсерлі әңгімеленеді. Қысқасы, орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасындағы тарихи байланыстың прогрессивтік сипаты қалай айқындалады деген мәселеге автор өзінше жауаптар береді. Сондай-ақ оның басқа озық әдебиеттерден үлгі ала отырып, алға басқан жас әдебиеттің даму процесін үш кезеңге бөліп қарауы да ғылыми-логикалық қисындылығы жағынан көңілге қонымды деп қараймыз.

Мұрат Әуезов әдебиеттің ұлттық өзгешелігі тек өз ана тілінде жазатын жазушылардың шығармаларында ғана сақталады деген бір жақты пікірдегі субъективизмді ба-тыл сынап келіп, орыс тілінде жаза отырып та ұлттық рухтың өзгешелігін бейнелеуге болатындығын Ә.Әлімжановтың, О. Сүлейменовтың, С. Санбаевтың көркем шығармаларының негізінде дәлелдейді. Біз бұл пікірді Мұрат Әуезов алғаш рет айтып отыр деуден аулақ-пыз. Бұл мәселені Ә. Әлімжанов пен О. Сүлейменовтер творчествосы туралы ертеректе жазған мақалаларында М.Қаратаев та айтқан болатын. Мұрат осындай белгілі пікірлердің көлеңкесінде қалып қоймай, оны өздігінен жаңа фактілерге байланыстыра отырып толықтырған, тың қорытынды байламдар жасауға тырысқан. Зерттеушінін ойынша аталған авторлар творчествосы қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, оның интернационал-дық тынысының кенеюінде елеулі роль атқаруда.

Кітапта Ә.Әлімжанов прозасы мен О.Сүлейменов поэзиясы жан-жақты талданған. Рас, бұл авторлар жайында Мұрат Әуезовке дейін

де аз жазылған жоқ, алда жазыла береді де. Солай дей тұрсақ та сыншының, жоғарыдағы екеуі туралы пікірлерінің шоқтығы мүлде бөлек дер едік. Олардың суреткерлік өсу баспалдақтары, тарихи тақырып-қа жазылған шығармаларындағы парасатты идеялардың құндылығы мен актуальдылығы, партиялық, позицияла-рының айқындылығы мен дүниетаным көзқарастарындағы интернационалдық характерлердің тереңдігі, қысқасы, творчестволық жетістіктері мен кемшіліктері барынша нақтылықпен сөз болған. Осы екі каламгердің жазғанда-рындағы халықтың өткен тарихын танытуға деген азамат-тық күштарлықтың түп-төркініне, оның себеп-салдарына нақты талдау жасалынады.

Ұлттық және интернационалдық сипат проблемасы, бұлардың табиғи өрі тарихи байланыстылығы мен сабақтастығы туралы аз жазылып жүрген жоқ. Бұл әлі де зерттеле, сөз бола беретін күрделі тақырып. Сыншы бұл проблемаға байланысты Әнуар мен Олжас творчествосын сөз ету үстінде өз ойларын ортаға салған. Автор ойлы, парасатты суреткер қашанда өз халқының тағдыры мен тарихын реалистікпен көрсете отырып та жалпы адамдық мәселені немесе басқа халықтарға да ортақ рухани-адамгершілік проблемаларын көтереді, көтеруі керек деген қорытынды жасайды. Бұл да келісуге, күптауға болатын пікір. Сондай-ақ, тарихи тақырыптарға жазу тек өткен заман шындығын жазу емес, сол арқылы бүгінгі уақытқа, қазіргі дәуірдегі мораль мен адамгершілікке де байланысты тәрбиелік, өміртанушылық, немесе актуальды жалпы адамдық характер мен психологияға қатысты мәселелерді көтеру қажеттілігі жазушының қоғам алдындағы азаматтық, қайраткерлік жауапкершілігін танытудың бірден-бір жолы деген сыншы пікірімен келіспеске қақымыз жоқ.

Қазіргі заман мен өткен тарих арасындағы терең тамырлы байланысты керкем әдебиет арқылы бейнелеген-де суреткердің эстетикалық мұрат-мақсаты қалай көрінуге тиіс, тарихты танытудағы әдебиеттің әлеуметтік миссия-сы не, тарихи тақырыптың ерекше құлшыныс, күштар-лықпен жазылуы сол ел әдебиетінің кәметтік өсу дәрежесінің айғағы бола ала ма, дәстүр мен жаңашыл-дықтың белгілі бір кезеңдегі өзара бір-біріне ықпалы қалай болуы мүмкін, ұлттық сана-сезімнің ояну эволюциясы мен қалыптасу процесінің әдебиет дамуына тигізетін игі әсерлері қандай көркемдік факторлардан көрінеді? Міне, осы алуандас мәселелер Мұрат Әуезовтің кітабында бірсыдырғы шамада өз шешімін тапқан деуге

әбден болады. Автор бұл проблемаларды кешегі және бүгінгі қазақ әдебиеті фактілерінің айналасында сөз еткенімен, оған қазіргі уақыттағы жалпы әдебиеттік ғылым мен сынның теориясы тұрғысынан қарап отыруды мақсұт тұтады. Сон-дықтан да автордың парасатты пайымдаулары тек қазақ әдебиетіне ғана ортақ ойлар емес...

Мұрат Әуезов көтеріп отырған проблемасына анали-тик зерттеушінің зердесімен, философ сыншының көзімен, еткен тарихтағы әлеуметтік құбылыстарды жақсы білетін социолог әдебиетшінің де позициясымен қарауға тыры-сады. Сондықтан да Мұрат Әуезовтің осынау шағын кітабында сонау көне тарихтағы Асан қайғылардан баста-латын содан бүгінгі Ә.Әлімжанов пен О.Сүлейменовтерге дейін аралықтағы қазақ әдебиетінің ұлттық өзгешелігі мен халықтың мәдени-тарихи дәстүрлеріндегі табиғи сабақ-тастылық проблемасы кей тұстардағы үстірт, жалпылама шолушылық сипатының басым жататындығына қарамас-тан біршама тәуір зерттеліп шыққан. Автордың өзі айт-қандай («Настоящая работа нацелена лишь на частичное изучение явлений, характеризующих специфику современной казахской литературы») бұл проблемалар осы зерттеу-де бір қырынан ғана қарастырылған. Бұл бағытта әлі де талай күрделі зерттеулер туатындығы сөзсіз. Егер Мұрат Әуезов осы проблеманы белгілі сыншы Б.Бурсовтың «Национальное своеобразие русской литературы» атты осы көлемді әрі құнды монографиясы сияқты үлкен планда-ғы еңбек ретінде жалғастырса, тереңдете зерттесе, жақсы-ақ болар еді... Тек авторға айтар бір тілек, бүгінгі қазақ әдебиеті туралы сөз еткен кезде, белгілі екі-үш жазушы-ның творчествосын айтып, соны талдаумен ғана шектеліп қалмау жағын қатты ескергені жөн сияқты.

Әшімбаев Сағат: «Азаматтыққа адалдық».

Мұрат Әуезов. Алаш қайраткерлерінің тағлымы

Бүгінгі алқалы жиынға қазақ ұлтының жаны жайсаң азаматтары, Алаш қозғалысына тереңінен бойлап, тарих қойнауының қалтарыстарын зерттеп-зерделеп жүрген ғалымдарымыз, тарихшылар мен әдебиетшілер, және рухы биік Алаш азаматтарының ұрпақтары жиналып отырмыз. Бүгінгі осы кездесуіміздің мазмұны мен рухы да өзгеше. Бұл күнді жүрегімді толғандырып, көңіл толқынын тербетер,

жанымды жадыратар айрықша күн дегім келеді. Біз, осы халықаралық конференцияға жиналған барша қауым, Алаштың ұлы идеяларын, М.Әуезовтің ұлы рухани шығармашылық жолын бүгінгі даму кезеңінде қарап, түсініп-ұғынып, оларға бүгінгі күн тұрғысынан баға беруіміз қажет. Мен бүгін осы залға жиналған Алаш ұрпақтарымен дидарласып, олардан Алаш азаматтары, М.Әуезов мұра еткен қайсар мінез бен рухани жылулықты сезініп отырмын. Дәл бүгін Алаш азаматтарының рухы тіріліп, біздің үстімізде қалықтап тұрғандай. Алаш азаматтары туралы сөз болғанда, ең алдымен олардың қазақ елінің бүгінгі басты қазынасына айналған жер мәселесіне қатысты ерлік істерін еске аламыз. Біз, тұтас қазақ халқы, дүниежүзіне жеріміздің аумағымен, байлығымен мақтансақ, ұрпағына осындай қазына қалдырған Алаш азаматтарын әсте ұмытпағанымыз жөн. Жерге жетер, жерден өтер байлық жоқ.

Екіншіден, барша қазақ жұртына үлгі-өнеге болар нәрсе – білімді де саналы, озық ойлы Алаш азаматтарының сол кезеңдегі пәлсапалық танымы, алға қойған мақсаттарына жету жолындағы қажымас ерік-жігері, қайсар мінезі. Өздеріне төнген қауіпті біле тұра, олар қазақ тағдыры, ұлт тағдыры жолындағы игі істерге ержүректілікпен, қазаққа тән қайрат-намыспен бел шеше кіріскен еді. Саналы қазақтың барлығы мойындайтын айқын нәрсе – Алаш азаматтарының бізге қалдырған мұрасы – кең байтақ жер, терең ой, биік рух, қайсар мінез. Біз мұны қай кезеңде болмасын жадымыздан шығармай, қай деңгейде болмасын ашық айтуға тиіспіз.

Біз М. Әуезовті Алаш азаматтарының ісін жалғастырушы мұрагер деп тануымыз қажет. І. Жансүгіровтің поэзиядағы биіктіктігі, М. Әуезовтің прозадағы шеберлігі көшпенділер өркениетіндегі қайталанбас дарын. М. Әуезов 1918 жылы жазған «Жапония» атты мақаласы арқылы, Азия құрлығындағы Батыс қысымына қарсы шыға білген ұлттың отаршылдықтан құтылу жолындағы күресі арқылы Алаш азаматтарының айтар ойын тұтас қазақ халқына паш етеді. Бұл мақаланың сол кезеңде Алаш азаматтарының тапсырмасымен жазылғандығы айдан анық еді. М.Әуезов 1957 жылы осы Жапония еліне барған сапарында ядролық сынақ пен оның зардаптары, Семей сұмдықтары турасындағы өз елінде жүріп ашық айта алмаған, басылмай қалған ой-пікірін 45 күн бойы өзі барған жиын-кездесулерде айтып жүреді.

Алаш азаматтарының баршасына тән түрікшілдік, тұтастық пен бірлік идеясын М.Әуезов өмірі мен шығармашылығының бір қыры

деп тануға болады. Әкем сол уақыттағы қысылтаяң сәттердің өзінде осы берік ұстанымынан айнымай 1951 жылы Қырғыз еліне барып, олардың Манасын қызғыштай қорғап, халқына қайтарады. Сондықтан да М.Әуезовті қазақтардың кейбірі танымай жатса, қырғыздардың баршасы құрмет тұтады.

Бүгінгі таңда біз М.Әуезов шығармашылығын зерттеуге аса ден қойып отырмыз. Осы мақсатта, М.Әуезовтің 110 жылдық мерейтойына байланысты М.Әуезов қорын ашып, әлі де зерттелмеген мәселелерге назар аударып отырмыз. Бұл бағыттағы жасалмаған жұмыстар ұшан теңіз.

Алаш азаматтарының ісін М.Әуезов жалғастырса, олардың идеяларын біз, олардан кейінгі ұрпақ, ұштастыра білдік. 1963 жылы Мәскеуде құрылған «Жас тұлпар» қозғалысы бұған айқын дәлел. Алаш идеясы – біздің берік ұстанымызға айналды. Ұрпақ сабақтастығы, идеялар үндестігі дегеніміз осы. Алаш азаматтары – қазақ елінің іргетасы. Олай болса олардың ұлы идеяларын, ізденістерін одан әрі жалғастыру – жастардың зор міндеті.

Бүгінгі кездесу – тарихи жағынан өте маңызды, берер тағылымы мол кездесу болды деп ойлаймын. Қазақ халқы өзінің өткенін, тарихын дәріптегенде ғана дәулеті мен сәулетіне рухани байлығы сай қуатты мемлекетке айналып, әлемдік өркениеттен өзіне лайықты орнын алмақ.

Мұрат Әуезов: ӘКЕМНІҢ АТЫНА КІР КЕЛТІРМЕУГЕ, АДАЛ БОЛУҒА ТЫРЫСТЫМ [сұхбат]



Ұлыжазушы Мұхтар Әуезовтың естеліктерінен баласы Мұратты ерекше жақсы көріп, мақтан тұтқанын байқаймыз. Мысалы, Мәскеуден шығатын «Литературная газетаның» тілшісі Валентина Панкинаға берген сұхбатында: «Мен ұлыммен бірге Гегель туралы пікірлескенді ұнатамын», – деп аса ризашылықпен айтқан екен.

«Сол бала Мұрат қайда жүр?» дейтін шығарсыңдар. Бұл сұраққа жауап ретінде белгілі ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, «Мұхтар

Әуезов» қоғамдық қорының жетекшісі Мұрат Әуезовтың өзімен болған сұхбатты назарларына ұсынамыз.

Ұлан: Әңгімені әкеніз, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтен бастағанымыз жөн болар. Әке үмітін ақтадыңыз ба?

Мұрат Әуезов: Ұлы адамның ұрпағы болу маңдайға жазылған екен. Қайда жүрсем де, әкемнің атына кір келтірмеуге, адал болуға тырыстым. Айтқан ақылын, көрсеткен жолын таңдадым.

Әкем әсіресе, мамандық таңдау кезінде қолдау көрсетті. Бала кезімнен химик ғалым болуды қалаған едім. Мектепте химия пәнінен



үйірмеге, жарыстарға қатысатынымын. Әкем ғылымға деген құштарлығымды байқап, әрдайым ақыл-кеңес беріп отыратын. Осындай сырласу кезінде әкем: «Сен Қытайды зерттеуге қалай қарайсың? Мәдениетке, тарихқа аса бай әрі келешегі мықты мемлекет қой. Ең бастысы, бізбен көршілес», – деді. Жоғары сыныпта оқып жүргенде, қытайдың «Өзен қойнауы» деген тарихи романын оқыған болатынымын. Осы кітаптардың көмегі болды ма, таңдау жасар алдында ұзақ ойланбадым. Әкем

сөз арасында қытай шежірелерінде қазақтың тарихына, мәдениетіне қатысты деректердің көп екенін жиі айтатын. Бұл таңдау үшін ешқашан өкінбеймін.

М.Әуезов ұлдары Мұрат және Ернармен

Әкем қайтыс боларда жанында болдым. Соңғы демі Мәскеудегі Кунцевский ауруханасында операция үстінде үзілді. Әкеме «қылтамақ» деген диагноз қойылып, соны алып тастамақ болды. Бірақ жүрегі алты сағаттық операцияға шыдамады. Әкем Алматыдағы жазушыларға жиі хат жазатын. Хаттарын Мәскеу орталығындағы поштаға салатынымын. 26-шы маусым күні «операцияға дайындық жасаймыз» деп әкемнің жанына ешкімді кіргізбеді. Мен күні бұрын әкеммен кездесіп, «Семейге барып келсем» деген ниетімді білдірдім. Ол ойымды сезіп, балаша қуанып кетті. Қолына қалам алып, Балташ деген ақсақалға: «Менің ұлым ауылға барады, туған жерді жақсылап таныстырыңдар», – деп хат жазды. Негізі, әкем ауруханадан шыққан

соң, бірге ауылға барып, күнделік жазамыз деген мақсат болған еді. Өттең, оған жете алмадық. Ал анам Фатима Ғабитова жайлы айтар әңгіме көп. Өте ақылды, қайратты болатын. Біз 1949 жылға дейін отбасымызбен Жамбыл облысы, Меркі ауданында тұрдық. Ағам Азат сол жақта мектеп бітірді. Үйіміз шағын интернатқа көбірек ұқсайтын. Балшықтан соғылған бір бөлмелі жер үй еді. Азат ұстаздарынан көркем әдеби кітаптарды сұрап әкеліп, оқып беретін. Содан болар, барлығымыз зерек, алғыр боп өстік. Меркіде жер сілкінген сәтті ұмытпаймын. Түн ортасында, қалың ұйқының құшағындамыз. Азат сүзекпен ауырып, күйіп-жанып керуетте жатыр. Анамның бұйыруымен Азатты сүйемелдеп, далаға шық-тық. Бірде үйге түсі суық, үлкен жылан өрмелеп келді. Анам бір қолына керосин шамын, екінші қолына отты қозғайтын көсеуді ұстап, бізді кеудесімен қалқалап, жыланның басын көсеумен езіп, далаға лақтырып тастады. Тағы бірде «халық жауының әйелі» деп үйге тінту жүргізіп, балаларды алып кетпекші болды. Сонда анам босағада тұрған балтаны алып, егер үйден тез арада кетпесе, өзіне-өзі қол жұмсайтынын айтып, қорқытады. Анамның ызалы даусы мен ашуынан жүрексінесе керек, әлгілер кетіп қалыпты. Осындай аңыз секілді әңгімелер көп. Ең бастысы, ата-ана аманатын орындап, өмірден өз орнымды тапқанымға шүкіршілік етемін.



Анасы Фатимамен бірге (екінші қатарда оң жақта тұрған Мұрат)

Ұлан: Сіз Мәскеуде шет тілдер институтында оқып жүргенде «Жас тұлпар» жастар қозғалысын құрған екенсіз. Бұл ұйым неліктен құрылды? Қандай қызмет жасадыңыздар?

Мұрат Әуезов: «Жас тұлпар» бірнеше бағытта жұмыс істеді. Қазақ студенттерінің оқуына көмектесу, қысқы және жазғы демалыс

кездерінде қазақ ауыл-дарын аралау секілді. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Қызылорда облыстарына, Омбы облысының қазақтар тұратын аудандарына барып тұрдық. Үшінші бағыты – ұлттық мәселе. Ғылымға, өнерге берілген жастарды алдымен ұлттық мүдде төңірегінде топтасуға шақырдық. Осы мақсатта «Досмұқасан» ансамблі құрылды. Тарихқа, әдебиетке қатысты кітаптар шығардық. Өкініштісі, ол кітаптардың бірталайы бүгінгі күнге жетпеді. «Жас тұлпар» осылай ұйымдасқан болатын. Ол Кеңес одағының қылышынан қаны тамып тұрған кездің өзінде-ақ елдік сананы қалпына келтіруге үлкен үлес қосты.

Ұлан: Қытайда Төтенше және Өкілетті елші қызметін атқардыңыз. Атақты француз жазушысы Бернар Вербер: «Мен қауіптің қайдан екенін анық айта аламын: Қытайдан. Олар бар болғаны тез арада байып кеткісі келеді. Олар адам төзгісіз жағдайда жұмыс істейді», – деген екен. Қытайда қызмет атқарған жылдары халқынан, жастарынан қандай ерекшелік байқадыңыз?

Мұрат Әуезов: Әрине, әр халықтың өзіндік менталитеті, ерекшелігі бар. Мәселен, қытайлар өз мүдделерін қорғауда алдарына жан салмайды. Елші қызметіне кіріскен жылдары ең алғашқы тапсырма Іле мен Ертіс өзендерін бірігіп пайдалану болды. Қытай жағы бұл құжатты ұзақ зерттеп, жобаның айтарлықтай пайда әкелетініне көз жеткізгеннен кейін, құжат мақұлданды. Сонда Қытайдан ағатын отыз үш өзен секілді осы өзендер де тек пайда әкелу керек деген сөздер айтылды. Бүгінде Қытайды екі бірдей мәселе толғандырып отыр. Жер көлемінің тарлығы мен халық санының көптігі. Бейжің қаласынан ұшаққа отырғаннан кейін, жердің басым бөлігінің жарамсыз екенін көресің. Сусыз, тіршіліксіз қу медиен дала... Адамдар теңіздердің, өзендердің жағалауында өмір сүреді. Кеңістік, еркіндік шамалы. Талай рет қытайлардың біздің байтақ жерімізге, байлығымызға көз аларта қарағанының куәсі болдым. Іштей осындай ұлан-асыр жерді нәсіп еткен Жаратқанға алғыс айттым. Тағы бір қызығы, Қытайда оқып, жаза алатындар өте аз. Кейбір жастардың әлем жаңалықтарымен ісі жоқ, қызықпайды. Жалпы, мәдениеті төмен адамдар толып жатыр. Қытайдың ішкі саясаты жеткіншектерге кері әсерін тигізуде. Мысалы, екі жас бас қосса, отбасында бір ғана бала болу керек. Сонда бұл баланың өз ата-әжесі мен нағашы ата-әжесі бар. Олар орталарында бір ғана немере болғандықтан, бар тәттісін, әдемі сөздерін аямайды. Ал еркелікке

мастанған балақай сабақты жөнді оқымай, көп уақытын ойынмен өткізеді. Сондықтан, «қиын бала» мәселесі де ел үкіметін алаңдатып отыр.

Ұлан: «Ұлан» газетінің оқырмандарына не айтасыз?

Мұрат Әуезов: Өмірдің көп қызығын, қиындығын көрдік. Алла бұйырса, жасым 70-ке жетті. Жас келсе де, жастарға, болашаққа қажетті азық қалдырғың келеді. Бүгінгі ұрпақ Абайды тануды тоқтатпаса деген арман бар.

Мұрат Әуезовтың өмірі мен шығармалары туралы:

1. Абдулло, С. Дос және ұстаз туралы бірір сөз: [Мұрат Әуезов] / С. Абдулло // Қазақ әдебиеті.- 2008.- 25 қаңтар. - 6 б.
2. Әшімбаев С. Бардың бағалануы тұрғысынан... / С. Әшімбаев ; құраст. Ш. Бейсенова // Әшімбаев, С. Азаматтыққа адалдық: Әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар.- Алматы. - 2007. - 73-85 б.
3. Әшімбаев, С. Биік талап белесінен / С. Әшімбаев ; құраст. Ш. Бейсенова // Әшімбаев, С. Азаматтыққа адалдық: әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар. - Алматы. - 2007. - 104-113 б.
4. Әшімбаев, С. Бүтіннің сыры бөлшектен / С. Әшімбаев ; құраст. Ш. Бейсенова // Әшімбаев, С. Азаматтыққа адалдық: Әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар. - Алматы. - 2007. - 86-103 б.
5. Әуезов, М. Мұхтарлар көп бізде, бірақ Мұхтар Әуезов біреу - ақ!: Мұрат Әуезовпен сұхбат / М. Әуезов // Жас Алаш. - 2008.- 19 ақпан. - 5 б.
6. Жүсіп, Ә. Мұрат Әуезов: ұлт мақтаныштарынан қолтаңба / Ә. Жүсіп // Айгөлек. - 2013. - № 2. - 8 б.
7. Әбдіғұлов, Р. Асыл адам айнымас: [Мұрат Әуезов туралы] / Р. Әбдіғұлов // Қазақ әдебиеті. - 2013. - 18-24 қаңтар (№ 1-2). - 11 б.

Шығармалары

«Үлкен жол» (Н. Бабошинмен бірге, 1978),
«Гүл іспеттес жол» (1990), т.б. деректі фильмдер

Көрсеткішке кірген басылымдар тізімі.

Газеттер:

Қазақ әдебиеті
Жас алаш

Журналдар:

Айгөлек

Авторлар тізімі

Абдулло С.
Әбдіғұлов Р.
Әуезов М.
Әшімбаев С.
Бейсенова Ш.

*Құрастырғаң: Сайрамбаева Ж.И.
Компьютермен терген: Сайрамбаева Ж.И.
Редакторы: Жуламанова К.М.
Шығаруға жауапты: Теплякова Н. М.*